«Сәтті Жұлдыз» АҚ
Алматы қаласы, Жібек Жолы
даңғылы, 50-үй, 2-корпус,
пошталық индексі 050002
тел: +7 (727) 338 37 77

АО «Сәтті Жұлдыз»
г. Алматы, Медеуский район,
проспект Жибек Жолы, дом 50,
корпус 2, почтовый индекс
050002
тел: +7 (727) 338 37 77

# БҰЙРЫҚ/ПРИКАЗ № 172 -Ө/П

**Алматы қ./ г. Алматы** **24 қыркүйек /сентября 2025 ж./г.**

**«Командалық жарыс» акциясын өткізу туралы**
БҰЙЫРАМЫН:
Bingo, Keno, Mega Loto, Naval Battle, Loto Plus лотереяларының қатысушылары арасында «Командалық жарыс» маркетингтік акциясын өткізу ережелеріне сәйкес 01.10.2025 ж. сағат 14:00-ден 31.10.2025 ж. сағат 18:59:59-ға дейін өткізуді тапсырамын.

Қосымша:

«Командалық жарыс» акциясын өткізу ережелері.

**О проведении акции «Командная гонка».**
ПРИКАЗЫВАЮ:

С 01.10.2025 г. 14:00 по 31.10.2025 г. 18:59:59 провести маркетинговую акцию «Командная гонка» среди участников лотерей Bingo, Keno, Mega Loto, Naval Battle, Loto Plus, в соответствии с правилами проведения.

Приложение:

Правила проведения акции «Командная гонка».

**«Сәтті Жұлдыз» АҚ Президенті/**
**Президент АО «Сәтті Жұлдыз»** **М. Лыткина**

**Келісілді/Согласован:** п правила

«25» сентября 2025ж./г. ______________ Д. Курмангалиева
(қолы)

№ 172-Ө/П бұйрығына қосымша
24.09. 2025 ж

# «КОМАНДАЛЫҚ ЖАРЫС» АКЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. **«КОМАНДАЛЫҚ ЖАРЫС»** акциясына (бұдан әрі - Акция) қатысудың осы ережелері «Сәтті Жұлдыз» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) мен лотерея қатысушысы (бұдан әрі – Қатысушы) арасындағы келісім болып табылады. Акцияға қатысу ерікті түрде жүзеге асырылады және Қатысушының Ұйымдастырушының loto.sz.kz ресми интернет-ресурсында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа тәсілмен орналастырылған осы Акцияны өткізу ережелерімен (бұдан әрі - Ережелер) танысқанын және оларға сөзсіз келісетінін білдіреді.

1.2. Ұйымдастырушы: «Сәтті Жұлдыз» акционерлік қоғамы, заңды мекенжайы: 050002, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Жібек Жолы даңғылы, 50 үй, 2 корпус.

1.3. Акция осы Ережелерге және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өткізіледі.

1.4. Акцияның жүлде қоры - 532 000 000 (бес жүз отыз екі миллион) теңге.

1.5. Акцияның өткізілу мерзімі: 01.10.2025 ж. сағат 14:00-ден 31.10.2025 ж. сағат 18:59:59-ға дейін.

1.6. Қатысушыларды хабардар ету: Ұйымдастырушы Қатысушыларды Акцияның өткізілу мерзімі туралы Ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа тәсілмен хабардар етеді.

1.7. Акцияны өткізу мақсаттары: Акция пайда немесе басқа да табыс алу мақсатын көздемейді және осы Ережелерге сәйкес өткізіледі. Жүлде қоры Ұйымдастырушының қаражатынан қалыптастырылады және Ұйымдастырушының қызметіне қызығушылықты арттыруға бағытталған.

1.8. **Терминдер мен анықтамалар:**

- **Ақшалай баланс** - электрондық лотерея билеттерін сатып алуға немесе шығаруға болатын қолжетімді қаражаттар есепшоты.
- **Көбейткіш** - лотерея ережелерімен белгіленетін және акцияға қатысушының қорытынды орнын анықтау кезінде оның нәтижелерін есептеу үшін пайдаланылатын сандық көрсеткіш.
- **ТОП-10** - нәтижелерді салыстыру қорытындысы бойынша Акцияға қатысу кезінде ең жоғары орындарға ие болған он қатысушының тізімі.
- **Команда** - бірге жиналған қатысушылар тобы, онда әрбір Қатысушы Акцияда жеңіске жету үшін басқалармен жарысады.
- **Бонустық баланс** - тек электрондық лотерея билеттерін сатып алу үшін пайдалануға болатын қаражаттар есепшоты.

1.9. Акцияны өткізу тәсілі: Акция Bingo, Keno, Mega Loto, Naval Battle, Loto Plus лотереяларының тираждық электрондық лотерея билеттеріне таратылады.

## 2. АКЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

2.1. Акцияға қатысушы – loto.sz.kz сайтында тіркелген, 18 (он сегіз) жасқа толған, Ережелердің 1.8-тармағында көрсетілген тираждық электрондық лотерея билеттерін Акция өткізілу кезеңінде сатып алған жеке тұлға (бұдан әрі – Қатысушы).

2.2. Әрбір Акцияға қатысушы Акция аясында тек бір ғана тіркелгі жазбасын пайдалана алады. Бір тұлғаның бірнеше рет тіркелуіне тыйым салынады.

## 3. АКЦИЯНЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ

3.1. Акцияға қатысушы болу үшін Акция кезеңінде loto.sz.kz сайтында тіркелген болу керек, ал тіркеу болмаған жағдайда Акция өткізілу кезеңінде loto.sz.kz сайтында тіркелу қажет.

3.2. Акцияға қатысу үшін Қатысушы Акция өткізілу кезеңінде Bingo, Keno, Mega Loto, Naval Battle, Loto Plus тираждық электрондық лотереяларын сатып алуы тиіс.

3.3. Акцияны өткізу үшін loto.sz.kz сайтында 230 команда құрылған. Барлық командалардың тізімі сайтта Акцияның арнайы бөлімінде қолжетімді.

3.4. Акцияға қатысу үшін Қатысушы өзі күресемін деп таңдаған бір немесе бірнеше команданы өз бетінше таңдауы тиіс.

3.5. Қатысушының рейтингі ол таңдаған әрбір командада жеке қалыптастырылады. Бір командада жиналған рейтинг басқа командалардағы рейтингімен қосылмайды.

3.6. Акцияға Bingo, Keno, Mega Loto, Naval Battle, Loto Plus тираждық электрондық лотереяларында алынған ұтыстар қатысады.

3.7. Мысал: Қатысушы «А» командасын таңдады. Лотереялардағы барлық ұтыстары (3.9-тармақта көрсетілген коэффициенттерді ескере отырып) «А» командасының рейтингісіне есептеледі. Егер Қатысушы қатысу үшін «Б» командасын таңдаса, оның ұтыстары «А» командасына қарамастан «Б» командасының рейтингісіне есептеледі.

3.8. Қатысушының рейтингін есептеу үшін әрбір лотереядағы ұтыс сомасына келесі көбейткіштер қолданылады:

- Bingo: x 0,1
- Keno: x 0,06
- Mega Loto: x 0,02
- Naval Battle: x 0,09
- Loto Plus: x 0,04

Қорытынды рейтинг = (Bingo-дағы ұтыс сомасы * 0,1) + (Keno-дағы ұтыс сомасы * 0,06) + ... т.б.

3.9. Жүлде қоры әрбір команда үшін жеке қалыптастырылады. Әрбір команда үшін жүлде қорының сомалары туралы ақпарат loto.sz.kz сайтында Акциялар/Командалық жарыс бөлімінде болады. Әрбір командада Акция қорытындысы бойынша ТОП-10 қатысушылары үшін жүлделердің мөлшері келесідей анықталады:

| 1 000 000 теңге | 2 000 000 теңге | 3 000 000 теңге |
|---|---|---|
| 1. 300 000 | 1. 600 000 | 1. 1 000 000 |
| 2. 200 000 | 2. 400 000 | 2. 650 000 |
| 3. 160 000 | 3. 320 000 | 3. 400 000 |
| 4. 100 000 | 4. 200 000 | 4. 300 000 |
| 5. 80 000 | 5. 160 000 | 5. 250 000 |
| 6. 60 000 | 6. 120 000 | 6. 150 000 |
| 7. 40 000 | 7. 80 000 | 7. 100 000 |
| 8. 30 000 | 8. 60 000 | 8. 70 000 |
| 9. 20 000 | 9. 40 000 | 9. 50 000 |
| 10. 10 000 | 10. 20 000 | 10. 30 000 |

3.10. Бонустық balanстан лотереяға қатысу жалпы ұтыс сомасына рейтингті есептеу үшін ескеріледі. Бонустық баланстан ұтыстар тек Bingo, Keno, Mega Loto, Naval Battle, Loto Plus тираждық электрондық лотереяларында ескеріледі.

3.11. Әрбір командада Акция жеңімпаздары болып Акцияның барлық кезеңі ішінде ең жоғары рейтинг жинаған 10 Қатысушы танылады. Бір Қатысушы бірнеше командада жеңімпаз бола алады.

3.12. Акция қорытындысы бойынша ұтыстарды төлеу Акция аяқталғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде loto.sz.kz сайтында Қатысушының ақшалай балансына ұтыс сомасын есептеу жолымен жүзеге асырылады. Акцияда жеңіске жету туралы ақпарат loto.sz.kz сайтында жеңімпаз Қатысушының жеке кабинетіне жіберіледі.

3.13. Қатысушының және командалардың өзекті рейтингісін loto.sz.kz сайтында немесе мобильді қосымшада "Акциялар" -> "КОМАНДАЛЫҚ ЖАРЫС" бөлімінде нақты уақыт режимінде бақылауға болады.

3.14. Егер Акция шарттарының бұзылуы анықталса, оның ішінде Қатысушының жасына қатысты дұрыс емес ақпарат беруі, Ұйымдастырушы Қатысушының тіркелгі жазбасын бұғаттауға және есептелген ұтысты төлеуден бас тартуға құқылы.

## 4. АКЦИЯ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Ұйымдастырушы келесі жағдайларда жауапкершілік көтермейді:

- Қатысушыларға тікелей қызмет көрсететін байланыс операторларының жұмысындағы іркілістер, жүйелік іркілістер және Қатысушының басқа да техникалық ақаулары үшін;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде.
- Қатысушының жасына қатысты Қатысушы берген дұрыс емес ақпарат үшін.
- Ұйымдастырушы өз бақылауынан тыс, Қатысушының төлем алуына әсер етуі мүмкін жағдайлар үшін, сондай-ақ Қатысушының дұрыс емес деректер беруі үшін жауапкершілік көтермейді.

## 5. ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРДІ ӨҢДЕУ ТӘРТІБІ

5.1 Акцияға қатыса отырып, Қатысушы өз жеке деректерін Ұйымдастырушының өңдеуіне, сондай-ақ оның жеке деректерін Акцияны тікелей жүзеге асыратын үшінші тұлғаларға беруге, оның ішінде деректерді трансшекаралық беруге келісім береді.

5.2 Акция Ұйымдастырушысы Қатысушылардың жеке деректерін Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкестікте өңдейді.

## 6. БАСҚА ДА ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Ұйымдастырушы Жеңімпаз үшін Жеке табыс салығын (бұдан әрі – ЖТС) Жеңімпаздың ақшалай жүлдесінен ЖТС ұстап қалу жолымен төлейді. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, 6 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінен асатын ұтыстар ЖТС-мен салық салынады. Жоғарыда көрсетілген салықтың мөлшерлемелері: Қазақстан Республикасының резиденттері үшін – 10% (он пайыз); Қазақстан Республикасының резиденті еместер үшін – 20% (жиырма пайыз).

6.2. Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексіне сәйкес, мүгедектіктің кез келген тобына жататын азаматтар және мүгедек баланың немесе бала кезінен мүгедек баланың бір ата-анасы бірқатар салықтардан босатылады.

6.3. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы осы Ережелердің барлық ережелерін сөзсіз қабылдайды және келіседі. Осы Акция Ережелерінде көзделген әрекеттерді жасай отырып, Қатысушы Акцияға қатысуға, осы Ережелермен, сондай-ақ Акцияға қатысатын лотереяларды өткізу шарттарымен танысқанын растайды. Сонымен қатар, Қатысушы Ұйымдастырушыға оның тегін, атын, әкесінің атын және тұратын қаласын Ұйымдастырушының ресми сайтында және/немесе әлеуметтік желілерінде жариялау жолымен пайдалануға келісім береді.

6.4. Акция Ұйымдастырушысы осы Ережелер бұзылған жағдайда Қатысушыны Акцияға қатысудан шеттетуге құқылы. Ұйымдастырушы сондай-ақ Акцияны өткізу шарттарын, Жүлде қорын өзгертуге, үзіліс жариялауға, Акцияны өткізу мерзімін тоқтатуға, қысқартуға немесе өзгертуге құқылы. Акция шарттарына барлық өзгерістер, толықтырулар немесе күшін жою, сондай-ақ Акцияны мерзімінен бұрын тоқтату және/немесе тоқтата тұру Ұйымдастырушымен біржақты тәртіппен loto.sz.kz ресми интернет-ресурсында міндетті түрде хабарландыру жариялау арқылы жүзеге асырылады.

6.5. Осы Акцияны өткізу аясында туындаған барлық дауларды Ұйымдастырушы мен Қатысушылар келіссөздер арқылы шешуі тиіс. Егер жағдайды реттеу мүмкін болмаса, дау Ұйымдастырушы орналасқан жерде қаралады (келісімді сот төрелігі).

6.6. Ұйымдастырушы міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер бұл форс-мажорлық жағдайлардың, яғни осы шарт жасалғаннан кейін туындаған және Тараптардың еркіне байланысты емес төтенше сипаттағы салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады. Форс-мажорлық жағдайларға мыналар жатады: карантин, шекаралардың жабылуы, соғыстар мен әскери әрекеттер, көтерілістер, эпидемиялар, өрттер, жарылыстар, жер сілкінісі, су тасқыны, апаттар және табиғат күштерінің басқа да әрекеттері, міндеттемелерді орындауға әсер ететін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен мемлекеттік билік органдарының актілері, сондай-ақ Ұйымдастырушының еркі мен бақылау мүмкіндігінен тыс басқа да жағдайлар. Форс-мажорлық жағдайлардың басталғанын растайтын кез келген құжаттық растаулар, оның ішінде Ұлттық кәсіпкерлер палатасының немесе Қазақстан Республикасының басқа да құзыретті мемлекеттік органдарының қорытындылары болуы мүмкін.

6.7. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы өзіне тиесілі телефон нөмірлерін, АӘА дәл, өзекті (шынайы) жеке деректерді көрсетуге міндеттенеді.

6.8. Акция Жеңімпазы Ұйымдастырушыға жүлдені табыстау рәсімінде түсірілген фото- және бейнематериалдарды хабарландыру және жарнамалық мақсаттарда бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарда және басқа да ақпараттық алаңдарда кейіннен орналастыру мақсатында тегін пайдалану құқығын беруге міндеттенеді. Ұйымдастырушы көрсетілген материалдарды пайдалану аумағы мен мерзімін шектемей, оның ішінде өз маркетингтік және PR-науқандары аясында пайдалануға құқылы.

Приложение к приказу № 172-Ө/П
от 24.09.2025 г.

# ПРАВИЛА ПРОВЕДЕНИЯ АКЦИИ «КОМАНДНАЯ ГОНКА».

## 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ.

1.1. Настоящие правила участия в акции **«КОМАНДНАЯ ГОНКА»** (далее-Акция) являются соглашением между АО «Сәтті Жұлдыз» (далее - Организатор) и участником лотереи (далее - Участник). Участие в Акции является добровольным и означает ознакомление и безоговорочное согласие Участника с настоящими правилами проведения Акции (далее - Правила), размещенными на сайте loto.sz.kz, официальном интернет-ресурсе Организатора, или иным способом, не противоречащим законодательству Республики Казахстан.

1.2. Организатор: Акционерное общество «Сәтті Жұлдыз», юридический адрес: 050002, Республика Казахстан, г. Алматы, Медеуский район, проспект Жибек Жолы, дом 50, корпус 2.

1.3. Акция проводится в соответствии с настоящими Правилами и действующим законодательством Республики Казахстан.

1.4. Призовой фонд Акции составляет - 532 000 000 (пятьсот тридцать два миллиона) тенге.

1.5. Период проведения Акции: с 01.10.2025 г. 14:00 по 31.10.2025 г. 18:59:59.

1.6. Информирование Участников: Организатор информирует Участников о периоде проведения Акции на официальном интернет-ресурсе Организатора, а также в иным способом, не противоречащим законодательству Республики Казахстан.

1.7. Цели проведения акции: Акция не преследует цели получения прибыли либо иного дохода и проводится в соответствии с настоящими Правилами. Призовой фонд формируется из средств Организатора и направлен на повышение интереса к деятельности Организатора.

1.8. **Термины и определения:**

- **Денежный баланс** - это счёт, на котором находятся доступные средства для вывода или покупки электронных лотерейных билетов.
- **Множитель** – это числовой показатель, устанавливаемый правилами лотереи и используемый расчета результатов участника акции при определении его итогового места.
- **ТОП 10** – это список десяти участников, занявших наивысшие места при участии в Акции, по итогам сравнения результатов.
- **Команда** – это группа участников, собранных вместе, где каждый Участник соревнуется с другими за победу в Акции.
- **Бонусный баланс** - это счёт со средствами, которые можно использовать только для покупки электронных лотерейных билетов.

1.9. Способ проведения Акции: Акция распространяется на тиражные электронные лотерейные билеты лотерей Bingo, Keno, Mega Loto, Naval Battle, Loto Plus.

## 2. ТРЕБОВАНИЯ К УЧАСТНИКАМ АКЦИИ.

2.1. Участник акции — физическое лицо, достигшее 18 (восемнадцати) лет, зарегистрированный на сайте loto.sz.kz, совершивший покупку тиражных электронных лотерейных билетов, указанных в п.1.8 Правил в период проведения Акции (далее-Участник).

2.2. Каждый Участник Акции может использовать только одну учетную запись в рамках Акции. Множественная регистрация одним лицом запрещена.

## 3. УСЛОВИЯ ПРОВЕДЕНИЯ И ПОРЯДОК УЧАСТИЯ В АКЦИИ.

3.1. Для того чтобы стать Участником Акции необходимо в период Акции быть зарегистрированным на сайте loto.sz.kz, а в случае отсутствия регистрации в период проведения Акции зарегистрироваться на сайте loto.sz.kz.

3.2. Для участия в Акции, Участник должен в период проведения Акции преобретать тиражные электронные лотереи: Bingo, Keno, Mega Loto, Naval Battle, Loto Plus.

3.3. Для проведения Акции на сайте loto.sz.kz создано 230 команд. Список всех команд доступен на сайте в специальном разделе Акции.

3.4. Для участия в Акции Участник должен самостоятельно выбрать одну или несколько команд, за которые он будет бороться.

3.5. Рейтинг Участника формируется в каждой выбранной им команде отдельно. Рейтинг, набранный в одной команде, не суммируются с рейтингом в других командах.

3.6. В Акции участвуют выигрыши, полученные в следующих тиражных электронных лотереях: Bingo, Keno, Mega Loto, Naval Battle, Loto Plus.

3.7. Пример: Участник выбрал команду «А». Все его выигрыши в лотереях (с учетом коэффициентов, указанных в п. 3.9) будут зачислены в рейтинг команды «А». Если Участник выберет для участия команду «Б», его выигрыши будут засчитываться в рейтинг команды «Б», независимо от команды «А».

3.8. Для расчета рейтинга Участника применяются следующие множители к сумме выигрыша в каждой лотерее:

- Bingo: x 0,1
- Keno: x 0,06
- Mega Loto: x 0,02
- Naval Battle: x 0,09
- Loto Plus: x 0,04

Итоговый рейтинг = (Сумма выигрыша в Bingo * 0,1) + (Сумма выигрыша в Keno * 0,06) + ... и т.д.

3.9. Призовой фонд формируется для каждой команды отдельно. Информация о суммах призового фонда для каждой команды, будет находиться на сайте loto.sz.kz. в разделе Акции/ Командная гонка. Размер призов для ТОП-10 участников по итогам Акции в каждой команде определяется следующим образом:

| **1 000 000 тенге** | **2 000 000 тенге** | **3 000 000 тенге** |
|---|---|---|
| 11. 300 000<br>12. 200 000<br>13. 160 000<br>14. 100 000<br>15. 80 000<br>16. 60 000<br>17. 40 000<br>18. 30 000 | 11. 600 000<br>12. 400 000<br>13. 320 000<br>14. 200 000<br>15. 160 000<br>16. 120 000<br>17. 80 000<br>18. 60 000 | 11. 1 000 000<br>12. 650 000<br>13. 400 000<br>14. 300 000<br>15. 250 000<br>16. 150 000<br>17. 100 000<br>18. 70 000 |

| | | |
|---|---|---|
| 19. 20 000<br>20. 10 000 | 19. 40 000<br>20. 20 000 | 19. 50 000<br>20. 30 000 |

3.10. Участие в лотерее с бонусного баланса также учитываются в общей сумме выигрышей для расчета рейтинга. Выигрыши с бонусного баланса, учитываются только с тиражных электронных лотереях: Bingo, Keno, Mega Loto, Naval Battle, Loto Plus.

3.11. Победителями Акции в каждой команде признаются 10 Участников, набравших наибольший рейтинг за весь период проведения Акции. Один Участник может стать победителем в нескольких командах.

3.12. Выплата выигрышей по итогам Акции производится путем зачисления суммы выигрыша на денежный баланс Участника на сайте loto.sz.kz, в течение 1 (одного) рабочего дня, после завершения Акции. Информация о победе в Акции, будет направлена Участнику в личный кабинет выигравшего Участника на сайте loto.sz.kz

3.13. Актуальный рейтинг Участника и команд можно отслеживать в режиме реального времени на сайте loto.sz.kz или в мобильном приложении в разделе «Акции» -> «КОМАНДНАЯ ГОНКА».

3.14. В случае выявления нарушений условий Акции, в том числе предоставления Участником недостоверной информации относительно своего возраста, Организатор вправе заблокировать учетную запись Участника и отказать в выплате начисленного выигрыша.

## 4. ОРГАНИЗАТОР АКЦИИ НЕ НЕСЕТ ОТВЕТСТВЕННОСТИ:

4.1. Организатор не несет ответственности в следующих случаях:

- за сбои в работе операторов связи, непосредственно обслуживающих Участников, за системные сбои и другие технические неполадки Участника;
- в случае возникновения форс-мажорных обстоятельств, определяемых законодательством Республики Казахстан.
- за недостоверную информацию, предоставленную Участником относительно возраста Участника.
- Организатор не несет ответственности за обстоятельства, находящиеся вне его контроля, которые могут повлиять на получение Участником выплаты, а также за предоставление Участником недостоверных данных.

## 5. ПОРЯДОК ОБРАБОТКИ ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ.

5.1 Участвуя в Акции, Участник тем самым дает свое согласие на обработку его персональных данных Организатором, а также на передачу его персональных данных третьим лицам, осуществляющим непосредственную реализацию Акции, в том числе трансграничную передачу данных.

5.2 Организатор Акции осуществляет обработку персональных данных Участников в строгом соответствии с законодательством Республики Казахстан.

## 6. ИНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ.

6.1. Организатор уплачивает Индивидуальный подоходный налог (далее-ИПН) за Победителя, путем удержания ИПН с денежного приза Победителя. Согласно налоговому законодательству Республики Казахстан, выигрыши свыше 6-кратного размера МРП (минимальный расчетный показатель) облагаются ИПН. Ставки вышеуказанного налога составляют: для резидентов Республики Казахстан – 10 % (десять процентов); нерезидентов Республики Казахстан – 20% (двадцать процентов).

6.2. Согласно Кодексу Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет», граждане, относящиеся к любой группе инвалидности и один из родителей ребенка с инвалидностью или инвалидностью с детства, освобождаются от целого ряда налогов.

6.3. Участвуя в Акции, Участник безусловно принимает и соглашается со всеми положениями настоящих Правил. Совершая действия, предусмотренными настоящими Правилами Акции, Участник подтверждает свое согласие на участие в Акции, факт ознакомления с настоящими Правилами, а также с условиями проведения лотерей, участвующих в Акции. Кроме того, Участник предоставляет Организатору согласие на использовании его фамилии, имени, отчества и города проживания путем их опубликования на официальном сайте и/или в социальных сетях Организатора Акции.

6.4. Организатор Акции вправе исключить Участника из участия в Акции при нарушении настоящих Правил. Организатор также имеет право изменить условия проведения Акции, Призовой фонд, объявить перерыв, отменить, сократить или изменить срок проведения Акции. Все изменения, дополнения или отмена условий Акции, а также досрочное прекращение и/или приостановление Акции осуществляется Организатором в одностороннем порядке с обязательной публикацией уведомления на официальном интернет-ресурсе loto.sz.kz.

6.5. Все споры, возникшие в рамках проведения настоящей Акции, Организатор и Участники должны разрешать путем переговоров. В случае если урегулировать ситуацию не представляется возможным, спор будет рассматриваться по месту нахождения Организатора (договорная подсудность).

6.6. Организатор освобождается от ответственности за частичное или полное неисполнение обязательств, если это является следствием действия обстоятельств непреодолимой силы, т.е. носит чрезвычайный характер, возникший после заключения настоящего Договора, и не зависит от воли Сторон. Под обстоятельствами непреодолимой силы понимаются: карантин, закрытие границ, войны и военные действия, восстания, эпидемии, пожары, взрывы, землетрясения, наводнения, несчастные случаи и другие действия сил природы, законодательные акты и акты органов государственной власти Республики Казахстан, имеющие влияние на выполнения обязательств, а также прочие обстоятельства, находящиеся вне воли и возможности контроля Организатора. Подтверждением наступления обстоятельств непреодолимой силы могут служить любые документальные подтверждения, в том числе заключения Национальной палатой предпринимателей или иных компетентных государственных органов Республики Казахстан.

6.7. Принимая участие в Акции, Участник обязуется указывать точные, актуальные (достоверные) персональные данные, принадлежащие им телефонные номера, ФИО.

6.8. Победитель Акции обязуется предоставить Организатору право безвозмездного использования фото- и видеоматериалов, сделанных в ходе церемонии вручения приза, с целью их последующего размещения в средствах массовой информации, на интернет-ресурсах и иных информационных площадках для уведомительных и рекламных целей. Организатор вправе использовать указанные материалы без ограничения территории и срока использования, в том числе в рамках собственных маркетинговых и PR-кампаний.

Келісілді/Согласовано:

24.09 2025 ж./г. А.Мангазбаев

(қолы/ подпись)

24.09 2025 ж./г. Д.Семенов

(қолы/ подпись)

24.09 2025 ж./г. Р.Карпюк

(қолы/ подпись)

24.09 2025 ж./г. Н.Диденкова

(қолы/ подпись)

24.09 2025 ж./г. Л.Жанабаева

(қолы/ подпись)